

## Алматы облысында қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы маслихатының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 16-101 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2009 жылғы 6 ақпанда N 2026 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 2018 жылғы 25 шілдедегі № 34-174 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облыстық мәслихатының 25.07.2018 № 34-174 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 495-бабына сәйкес Алматы облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары қосымшаға сәйкес еki ese арттырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасарына (Т.Досымбеков), облыстық мәслихаттың аграрлық сала, экономика, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, экология жөніндегі тұрақты комиссиясына (С. Шүрегеев) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихат

сессиясының төрагасы

Облыстық мәслихаттың

хатшысы

K. Дөңсебаев

A. Сыдық

Алматы облыстық мәслихатыны 2008 жылғы 29 желтоқсандағы "Алматы облысында қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкаларын арттыру туралы" N 16-101 шешіміне қосымша

### **Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы ставкалары**

1. Тұрақты көздерден ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет N	Ластағыш заттардың турлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)	1 килограмм үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
----------	-------------------------------	---	---

1	2	3	
1.	Күкірт тотықтары	20	
2.	Азот тотықтары	20	
3.	Шаң және күл	10	
4.	Корғасын және оның қосындылары	3986	
5.	Күкіртсүтек	124	
6.	Фенолдар	332	
7.	Көмірсүтектер	0,32	
8.	Формальдегид	332	
9.	Көміртегі тотықтары	0,32	
10.	Метан	0,02	
11.	Күйе	24	
12.	Темір тотықтары	30	
13.	Аммиак	24	
14.	Алты валентті хром	798	
15.	Мыс тотықтары	598	
16.	Бенз(а)пирен		996,6

2. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылатын алауларда ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудан ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет N	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлем- ақы ставкалары (АЕК)
1	2	3
1.	Көмірсүтектер	4,46
2.	Көміртегі тотықтары	1,46
3.	Метан	0,08

3. Қозғалмалы көздерден атмосфералық ауаға ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет N	Отын түрлері	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін ставка (АЕК)
1	2	3
1.	Этилденбекен бензин үшін	0,66
2.	Дизель отыны үшін	0,90
3.	Сұйытылған, сығылған газ үшін	0,48

4. Ластағыш заттардың шығарындылары үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Рет	

N	Ластағыш заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы ставкалары (АЕК)
1	2	3
1.	Нитриттар	1340
2.	Мырыш	2680
3.	Мыс	26804
4.	Оттегіне биологиялық сұраныс	8
5.	Тұзды аммоний	68
6.	Мұнай өнімдері	536
7.	Нитраттар	2
8.	Жалпы темір	268
9.	Сульфаттар (анион)	0,8
10.	Өлшенген заттар	2
11.	Синтетикалық бетүсті-белсенді заттар	54
12.	Хлоридтер (анион)	0,2
13.	Алюминий	54

5. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастырғаны үшін төлемақы ставкалары мыналарды құрайды:

Ред N	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы ставкалары (АЕК)	
		1 тонна	1 гигабек-керель (Гбк) үшін
1	2	3	4
1.	Өндіріс пен тұтынудың қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда, санкцияланған үйінділерде және арнайы берілген орындарда орналастырғаны үшін:		
1.1.	Коммуналдық қалдықтар (тұрмыстық қатты қалдықтар, тазарту күрылғыларының кәріздік тұнбасы)	0,38	
1.2.	Қауіптілік деңгейін ескере отырып, өнеркәсіптік қалдықтар:		
1.2.1	"қызыл" тізім	14	
1.2.2	"янтарь" тізім	8	
1.2.3	"жасыл" тізім	2	
1.2.4	жіктелмегендер	0,90	
1.3.	Бұдан басқа:		
1.3.1	аршынды жыныстар	0,004	
1.3.2	жанас таужыныстары	0,026	

1.3.3	Байыту қалдықтары	0,02	
.	.	.	.
1.3.4	шламдары, қалдықтары	0,038	
.	.	.	.
1.3.5	күл мен күлшлактар	0,66	
.	.	.	.
1.3.6	ауыл шаруашылығы өндірісінің қалдықтары	0,018	
.	.	.	.
2.	Радиоактивтік қалдықтарды орналастырганы үшін, гигабеккерельмен (Гбк):		
2.1.	Трансуранды	0,76	
2.2.	Альфа-радиоактивті	0,38	
2.3.	Бета-радиоактивті	0,04	
2.4.	Шынақты радиоактивті көздер	0,38	

## 6. Мынадай коэффициенттер:

1) коммуналдық қызметтер көрсету кезінде түзілетін эмиссия көлемі үшін табиғи монополия субъектілері мен Қазақстан Республикасының энергия өндіруші ұйымдары үшін осы бапта белгіленген төлемақы ставкаларына:

1-тармақта – 0,3 коэффициенті;

4-тармақта – 0,43 коэффициенті;

5-тармақтың 1.3.5.-жолында – 0,05 коэффициенті;

2) коммуналдық қалдықтарды орналастыруды жүзеге асыратын полигондар үшін тұрғылықты жері бойынша жеке тұлғалардан жиналған тұрмыстық қатты қалдықтардың көлемі үшін 5-тармақтың 1.1.-жолда белгіленген төлемақы ставкасына 0,2 коэффициенті қолданылады.